



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1144411/2025/4

26.09.2025 жылғы

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бизнесі қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор Сабырбаев Ерлан Амангельдиевич негізінде әрекет ететін Сенімхат №4267513819 04.03.2025 бастап, атынан, бір жағынан, және ИП ТАУ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор ҚАЗАҚБАЙ БЕКБОЛАТ ЕСЕНҒАЛИҰЛЫ негізінде әрекет ететін Талон, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1144411 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы шарт бойынша жеткізілетін тауар жаңа, қолданылмаған болуы тиіс.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. Шарт.

1.3.2. Сатып алынатын Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (№1 қосымша).

1.3.3. Техникалық ерекшелік (№2 қосымша).

1.3.4. Тауарларды жеткізуге арналған шарттағы елішілік құндылықтың үлесінің болжамды/нақты есебі (№3 қосымша)

1.3.5. Контрагент анкетасы (Өнім берушімен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№ 4 қосымша).

1.3.6. Анкета нысаны - ESG сауалнамасы (Өнім берушімен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№5 қосымша).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 274888.00 (екі жүз жетпіс төрт мың сегіз жүз сексен сегіз) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Осы Шарт бойынша Тауарды жеткізген соң Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты жеткізілген Тауар үшін төлем жүргізеді.

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактура.

2.4.3. қорларды сыртқа шығаруға жүкқұжат (Жүйедегі электронды көшірме және түпнұсқа);

2.4.4. зауыт өндірушінің паспорты не сапа сертификаты;

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені





үшін жауапты болмайды.

2.7. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тәртіпте көзделген жағдайлардан басқа Тауардың бір бірлігі үшін баға ұлғайтылмайды.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тауардың сақталуы мен бүтіндігін қамтамасыз ететін кез келген көлік түрімен жеткізіледі.

3.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың №1, № 2 Қосымшаларындағы талаптарға сәйкес келетін Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес қорларды сыртқа шығару жүкқұжаты бойынша Тауарды ұсынады.

3.4. Тауарды жеткізу күні ретінде Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күн болып табылады. Тауарға меншік құқығы Өнім берушіден Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап өтеді. Жеткізумен байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына кіреді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесінің есебі электронды құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдау-тасыру актісімен бірге тапсырылады.

4.1.2.2. Шарт бойынша нақты жеткізілген тауардың көлеміне (санына) елішілік құндылық үлесінің есебі электронды құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) әр Қабылдау-тасыру актісінің алдында тапсырылады;

4.1.2.3. Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды жеткізу бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындауды қамтамасыз етуге.

4.1.6. Стандарттарға және/не өндіруші зауыттың техникалық шарттарына сәйкес Тауардың тиісті сапасына кепілдеме беруге.

4.1.7. Тапсырыс берушіге Тауарды тиіп-жөнелтуге дайындығы және жүргізілген тиіп-жөнелту туралы хабарлауға.

4.1.8. Тапсырыс берушінің аумағында бола отырып, «ҮМЗ» АҚ нысандарында Өнім беруші жұмыскерлеріне рұқсат беру және болу кезінде өткізу объектішілік режимінің талабы» СТ 28.0021 «А» қосымшасының талаптарын орындауға.

4.1.9. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауға.

4.1.10. Тапсырыс берушіге Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша есептілікте шынайы ақпарат беруге. Елішілік құндылық үлесі бойынша жалған ақпарат ұсынылған жағдайда, Өнім беруші Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.11. Заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпияны, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Өнім берушіге мәлім болған дербес деректерді жария етпеуге.

4.1.12. Тауарды жеткізумен байланысты, тараптар келіспеген барлық шығындарды төлеуге.

4.1.13. Өз ұйымының жұмыскерлерін «ҮМЗ» АҚ ҚОМЖ және ДҚЖЕКҚМЖ талаптарымен, сонымен қатар «ҮМЗ» АҚ сыртқы сайтында (<http://www.ulba.kz/ru/>) орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Басшылық саясатымен таныстыруға.

4.1.14. Шартпен көзделген жағдайларда Активтерді қабылдау актілеріне қол қоюға.

4.1.15. Тиіссіз сападағы Тауарды жеткізген жағдайда Тапсырыс берушіге Өнім беруші тиіссіз сападағы Тауарды жеткізумен байланысты және туындаған шығындарды өтеуге.

4.1.16. Қорларды сыртқа шығаруға жүкқұжат бойынша Тауарды тапсыру және салық заңнамасының талаптары бойынша шот-фактура жазуға.

4.1.17. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы тексеріп салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қоюға.

4.1.18. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент анкетасын (осы Шартқа № 4 Қосымша) осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде, және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсынуға.

4.1.19. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шартқа №7 қосымша) ұсынуға.

4.1.20. Осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыруға. «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексі





Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.21. Өнім беруші, оның ішінде жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар қосалқы жеткізушілер Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексін сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.

4.1.22. Келесілерге тыйым салынады: берілген рұқсаттамалардың жоғалуына немесе механикалық зақымдалуына; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағында радиоэлектрондық байланыс құралдарын, электрондық, магниттік, оптикалық, қағаз ақпарат тасымалдағыштарды, фото-бейне жабдықтарды рұқсатсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша алып өтуге және (немесе) пайдалануға; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды; рұқсаттаманы басқа адамға беруге; қолдан жасалған немесе мерзімі өткен Рұқсаттама бойынша күзетілетін аумаққа өту (өту) әрекеттеріне; Өнім беруші қызметкерінің Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольден немесе есірткіден масаң күйде болуына, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольден немесе есірткіден масаң күйде өту әрекетіне; рұқсат беру құжаттарынсыз тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан әкету (шығару) әрекеттеріне тыйым салынады; Тапсырыс берушінің аумағына тыйым салынған заттарды, нәрселерді, оның ішінде қаруды, оның оқ-дәрілерін, улы және улағыш заттарды, көзден жас ағызатын не жүйкеге әсер ететін газы бар баллондарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды әкелуге.

4.1.23. Рұқсаттаманың әрекет ету мерзімі өткен соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтару және Шарттың кураторына - Свешников Р.А. Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттаманы тапсыруы туралы анықтаманы ұсынуға.

4.1.24. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеу. Шарттың 4.1.23-тармақшасында көрсетілген мерзімде Өнім беруші рұқсаттаманы қайтару туралы анықтама бермесе, рұқсаттама жоғалды деп танылады.

4.1.25. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.26. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші нақты жұмсалған шығыстарды ескере отырып, төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтарады.

4.1.27. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Өнім берушімен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Өнім берушінің және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзу.

4.1.28. Тапсырыс берушінің хабарламасы негізінде / Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша өз бетімен және өз есебінен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды (Тауардың бір бөлігін) әкетуге немесе Өнім берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қайтаруға байланысты шығыстарды Өнім берушіге төлемге шот жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге өтеуге.

4.1.29. «ҮМЗ» АҚ аумағына көлік құралының рұқсатнамасын Өнім берушіге ресімдеу үшін «И 19.0008 «ҮМЗ»АҚ-дағы өткізу режимі туралы нұсқаулыққа» сәйкес Тапсырыс берушіге (шарт бойынша жауапты тұлғаға) жүк (тауардың атауы, габариттік өлшемдері, салмағы, түсіру тәсілі) туралы ақпаратты алдын ала (көлік құралы келгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей), көлік құралы жүргізушісінің және оны алып жүретін тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті, жүргізуші куәлігін ұсынуға.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.2.5. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетімен анықтауға.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Енгізілген Шартты орындау кепілдемесін Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше





орындағаннан кейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей қайтаруға.

4.3.5. Шартты жабуды Тараптардың өзара талаптарының жоқ екендігі туралы Өнім берушімен салыстыру актісіне қол қою арқылы жүргізуге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Тауардың кемшіліктерін анықтауға және оларды жоюды талап етуге.

4.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта және/немесе Тәртіпте көзделген жағдайларда Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға (Шарттан бас тартуға).

4.4.6. Өнім берушіден қойылған тұрақсыздық төлемі және шығын сомаларын төлеуді талап етуге.

4.4.7. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Шартта көзделген тәртіпте шарт бойынша төлем сомасынан бір жақты тәртіпте тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға.

4.4.8. Осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор) осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға.

4.4.9. Шарттың 5-бөлімінің талаптарын сақтау шартында мөлшері мен сапасы сәйкес келмейтін Тауарды қабылдамауға.

4.4.10. Өнім берушіден осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттарды ұсынуды талап етуге.

4.4.11. Өнім берушіден жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап етуге.

4.4.12. Келесі жағдайларда бір жақты тәртіпте Шартты бұзу (Шартты орындаудан бас тартуға):

- Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № 4 Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент анкетасын ұсынбағанда;

- Өнім берушіні комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталса;

- Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса.

4.4.13. Өнім берушіден Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды (Тауардың бір бөлігін) әкетуін талап етуге немесе Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды Өнім берушіге қайтаруға байланысты шығыстарды Өнім берушіге төлемге шот жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде / Өнім берушіге хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуге.

4.4.14. Тауардың/Шарт құнын сәйкесінше төмендете отырып Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе сапасыз Тауарды Өнім берушіге қайтаруға.

4.4.15. Шарттың 4.4-тармағының 4.4.2-тармақшасының талаптары Шарт бойынша Тараптардың қатынастарына қолданылмайды

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. Өнім беруші өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Тауарды қабылдау және оны Тапсырыс берушінің иелігіне өткізу екі кезеңде жүргізіледі:

5.3.1. Сапасы және мөлшері бойынша алдын ала қабылдау:

5.3.1.1. мөлшері бойынша – Өнім берушінің қорларды сыртқа шығаруға жүкжатында көрсетілген мөлшерге сәйкес;

5.3.1.2. сапасы бойынша – Шарттың 2-бөлімі және Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген құжаттарға сәйкес.

Сапасы бойынша алдын ала қабылдау Тауарды Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес ұсынған сәттен бастап жүргізіледі.





5.3.2. Келесі мерзімде сапасы және мөлшері бойынша ақырғы қабылдау:

5.3.2.1. мөлшері бойынша:

5.3.2.1.1. ыдыссыз, ашық және/немесе бүлінген ыдыспен келген Тауар – Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) алған уақытта не пломбаланған ыдысты ашу және пломбаланбаған көлік құралдары мен контейнерлерді түсіру кезінде, бірақ тиіп-түсіру мерзімі аяқталғанға дейін;

5.3.2.1.2. Бүтін ыдыста келген Тауар: брутто салмағы және орын саны бойынша - Шарттың 5.3.2.1.1 -тармақшасында көрсетілген мерзімде. нетто салмағы және әр орында тауарлық бірлік саны бойынша ыдысты ашумен бір уақытта, бірақ Тауарды алған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей – Өнім беруші (не оның уәкілетті тұлғасы) Тауарды жеткізген кезде не Өнім берушінің қоймасынан Тапсырыс беруші әкеткен кезде және Жұктасымалдаушы (Тауарды тасымалдауға Тапсырыс берушінің не Өнім берушінің уәкілетті тұлғасы) жүкті ұсынған уақытта – барлық қалған жағдайларда.

5.3.2.2. сапасы бойынша Өнім беруші Тауарды жеткізген не Тапсырыс беруші Тауарды шығарған кезде Өнім беруші Тауарды берген күннен бастап не Тапсырыс берушінің қоймасына келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей. Ыдыста жеткізілген Тауардың сапасы мен жинақтылығын тексеру ыдысты ашу уақытында жүргізіледі, бірақ жоғарыда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей.

5.4. Тауар санының жетіспеуі немесе сапасына шағымдар анықталған жағдайда (қабылдаудың кез келген кезеңінде) тауарды қабылдау тоқтатылады, Тауардың сақталуын қамтамасыз ету және басқа ұқсас өніммен араласуының алдын алу бойынша шаралар қабылданады. Өнім берушінің өкілін шақырту міндетті түрде. Өнім беруші өзінің келуі туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауы тиіс. Өнім беруші қабылдауға келмеген не бас тартқан жағдайда, Тауарды сапасы мен мөлшері бойынша қабылдауды құрамы 3 (үш) адамнан кем емес Тапсырыс берушінің комиссиясы жүргізеді. Қабылдау нәтижелері бойынша «Активті қабылдау туралы акт» жасалады (Өнім берушінің өкілі келген жағдайда, оның қатысуымен, келмеген жағдайда – Тапсырыс берушінің комиссиясымен). «Активті қабылдау туралы актіде» көрсетіледі: қарап-тексеру уақытына ыдыс пен тоғанактың күйі, пломба бедерінің сипаттамасы, Тауардың мөлшері мен сапасын анықтау тәсілдері; анықталған сәйкессіздіктер мен олардың пайда болу себептері. «Активтерді қабылдау туралы актіге» Тауарды қабылдауға қатысуға уәкілетті тұлғалар қол қояды. Тараптар «Активтерді қабылдау туралы актіде» белгіленген Тауардың сапасы мен мөлшері бойынша қабылдау нәтижелері (Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілімен не оның қатысуынсыз қол қойған) ақырғы және Шарт бойынша сапасы мен мөлшері бойынша талаптарға сәйкес келетін Өнім берушінің Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін тиісті не тиіссіз орындауын растайтын факт болып табылатындығына келісті. Шартта келісілмеген жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін басшылыққа алады.

5.5. Тауарды тасымалдау кезінде Өнім беруші жеткізудің базистік талаптарымен белгіленген жауапкершілік аймағы шегінде (Өнім берушінің) қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтауға міндетті.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауардың сапасы жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігіне және Тауардың сапасы Шарттың 2-бөліміндегі құжаттарда көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетіндігіне кепіл береді. Осы Шарт бойынша жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде жеткізілген Тауардың құрылымымен, материалымен не жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтындығына Өнім беруші кепіл береді.

6.2. Егер жеткізілген сәттен бастап 12 айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде тауардың кемшіліктері немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші өз есебінен кемшіліктері бар тауарды жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жою мерзімдерін көрсете отырып, кемшіліктерді жою туралы хабарлама жібереді. Ауыстырылған тауардың кепілдік мерзімі тауарды жаңасына ауыстырған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығындарды жеткізуші көтереді.

6.3. Егер Тауарды ауыстыруды мерзімінен кешіктіру Өнім берушінің кінәсінен болса, кепіл мерзімі сәйкес уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді.

Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі.

Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы





себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Шарт бойынша Тауар жеткізілмеген жағдайда немесе Өнім беруші Шартта келісілген Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді.

7.2.3. Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын талап етуге құқылы, ал Өнім беруші Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.

7.2.4. Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сапасыз Тауарды жеткізген жағдайда, Өнім беруші:

7.2.4.1. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді, бұдан басқа, Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды Өнім берушінің есебінен қайтаруға құқылы.

7.2.4.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге талап (бұдан әрі-Талап) жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Талап орындалған жағдайда Шарт бойынша тараптардың тиісті актілерге қол қойған күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

7.2.4.3. Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды жеткізу себебіне байланысты және / немесе туындаған барлық шығындарды өтейді.

7.2.5. Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Тауарды жеткізу, Өнім берушінің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Өнім беруші есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде жеткізілген Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Өнім беруші бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Өнім берушіге Өнім берушінің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды жеткізілген Тауарлар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

7.2.6. Өнім беруші ҚОҚМЖ және ДСЖЕҚМЖ талаптарын сақтауға жауапты болады.

7.2.7. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын ұсынбаған немесе уақытында ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасының 5% мөлшерде айыппұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.8. Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат бергені үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.9. Өнім беруші Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеме сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемді негізсіз кешіктірілген жағдайда (соның ішінде аванстық төлемдер), Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді.

7.3.2. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді.

7.3.3. Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге орындалмаған міндеттеме сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4. Өнім беруші Тапсырыс берушінің Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/не тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық төлемі сомаларын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келісті.

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті





өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған әр жағдай үшін, Шарттың 7.2-тармағы (Өнім берушінің жауапкершілігі) және 7.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершіліктен басқа, кінәлі Тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.8. Шарттың 7.7-тармағы бойынша айыппұлды төлеуге негіз ретінде кінәлі Тараптың мекенжайына жолданатын тиісті актілер, шоттар болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды екінші Тараптың есептік шотына төлемге шот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.

7.9. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған немесе бір Тарап Шартты орындаудан бас тартқан (Шарттан бас тартқан) жағдайда, екінші Тарап жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген;

8.3.5. Тәртіппен көзделген басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Өнім берушіге Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн болып табылады. Хабарлама Өнім берушінің электронды поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілген болса, алынды деп танылады.

8.7. Шартты бұзған не Шартты орындаудан бас тартқан (шарттан бас тартқан) жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.3-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) байланысты туындаған Өнім берушінің шығындары үшін жауапты болмайды.

8.8. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс.





Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады.

Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

9. Хабарламалар

9.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама хат, жеделхат, телекс, факс немесе электрондық хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқасы) түрінде жіберіледі, кейіннен түпнұсқасы ұсынылады (Шарттың 3.1, 8.6, 13-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда).

9.2. Деректемелердің өзгергені туралы Тараптар бір-бірін 3 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді және белгіленген тәртіппен осы Шартқа тиісті қосымша келісімді ресімдейді.

9.3. Хабарлама (Шарттың 3.1 және 8.6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда) жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада көрсетілген басқа күні, осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

9.4. Осы Шартқа сәйкес немесе онымен байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен бірге Тараптардың деректемелері болуға тиіс.

9.5. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және жеке қолына немесе пошталық хабарламамен тапсырысты хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы ұсынылуға тиіс, соңынан факстық/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуға тиіс.

9.6. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жөнелтілген кез келген хабарлама (бұрын алынғанды растау болмаған кезде) табысталған сәтте жеткізілді деп саналады.

9.7. Тапсырысты (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын бұрыштамасы болуы шартында жеткізілді деп саналады.

9.8. Осы Шарттың 9.1-9.5-тармақтарының ережелері кемшіліктерді жою туралы хабарламаға және Шарттың 3.1, 8.6-тармақтарында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Тараптар қол қойған күннен бастап Шарт жасалды деп және күшіне енді деп саналады және 31.03.2026 ж. дейін әрекет етеді. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Өнім берушінің Шарттың 6-бөлімі, 7.2.3-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса, Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сұрапыл сипаттағы құбылыстар: су тасқындары, жер сілкіну, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсінен емес болған апаттар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: соғыс іс-қимылдары, блокада, заң шығарушы және атқару органдарының осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болғаны туралы Тараптар біріне-бірі мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы олардың басталу сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға тиіс. Екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы туралы олардың туындау күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарламауы осындай жағдайлардың әрекетіне тап болған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы үшін осы Тарап негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. Егер Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, еңсерілмейтін мән-жайларына сілтеме жасайтын екінші Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды орынды болғанынша жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді. Бұл жағдайда, осы мән-жайлардың Шартты орындау мерзімдері бүкіл Шартты немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары болғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері осы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасаушы Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Тиісті растауы бар еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтатады, қажет болған жағдайда нақты шығындар үшін өзара есеп айырысу жүргізеді.

